

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім баекармасы Т.Рыскулов
ауданының білім болімінің «Балапан» баекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Макта қыз бен мысың» ертеғісі

«Кұлышақ» тобы тәрбиешілері

Құлан ауылы
2024- 2025 оку жы

Тқырыбы: "Макта қыз бен мысық" ертегісі

Мақсаты: "Біртұтас тәрбие" - ата-ана мен балабақша ынтымақтастығын ныгайту. Ертегі мазмұнын түсіну. Мейірімділікке, өзара көмек көрсетуге тәрбиелу.

Ерте, ерте, ертеде. Макта қыз үйін жинап жүріп, бір мейіз тауып алады да мысықты шақырады.

Мысық, келмейді.

Қыз:— Келмесен келме! – деп, мейізді өзі жеп кояды. Жеп болған соң, мысық келіп:

— Неге шақырдың? – деп сұрайды.

Макта қыз айтпайды. Соңан соң мысық:

— Ендеше қатығынды төгем! – дейді.

Макта қыз:— Мен күйрығынды кесіп аламын! – дейді.

Мысық қатықты төгеді. Макта қыз мысықтың күйрығын кесіп алады.

Мысық: — Апа, апа, күйрығымды берші! – дейді.

Макта қыз:— Менің қатығымды төле! – дейді.

Мысық сиырға барады. — Сиыр, маған қатық берші! – дейді.

Сиыр:— Менің қарным ашып тұр. Маған жапырақ әкеліп берші! – дейді.

Мысық ағашка барып:— Ағаш, ағаш, жапырағынды берші! – дейді.

Ағаш:— Мен шолдел тұрмын. Су әкелсен, жапырақ беремін, – дейді.

Мысық суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көреді.

— Қыздар, қыздар, маған су берініздерші! – дейді.

Қыздар оған:— Бізге сағыз әкеліп берсен, біз саған су береміз, – дейді.

Мысық дүкенге барады.

— Эй, дүкенші, маған сағыз берші! – дейді.

Дүкенші:— Маған жұмыртқа бер, – дейді.

Мысық тауыққа барады.

— Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші! – дейді.

Тауық:— Бізге дән әкеліп берсен, біз саған жұмыртқа береміз, – дейді.

Мысық: «Енді не қыламын?» – деп, бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді.

Мысық тышқанды бас салады.


— Жаныңың барында айт! Үйінде не бар? – дейді.

Тышқан қорықканынан:— Үйімде бір табак тарым бар, – дейді.

Мысық:— Маған

Бір уыс тары бер, – дейді.

Тышқан үйіне барып, бір уыс тары әкеліп береді; мысық тарыны апарып тауыққа береді, тауық жұмыртқа береді; жұмыртқаны апарып дүкеншіге береді; дүкенші сағыз береді; сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді; суды апарып ағашқа береді; ағаш жапырағын береді; жапыракты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді; қатықты апарып Макта қызға береді, Макта қыз мысықтың күйрығын береді.



«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім белемінің «Балапан»бөбекожай -бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Анықтама

Такырыбы: «Мақта қыз бер миңдең» ертегісі

Әдісі: Бала өміріндегі ертегінің рөлі.

Максаты: «Біртұтас тәрбие» ата-ана мен балабакша ынтымактастығын нығайту. Ертегі мазмұнын түсіну. Мейірімділікке, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Катыскандар: консультативтік пунктпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

«Мақта қыз бер миңдең» ертегісі арқылы бала кішіпейілділікке, кешірімді болуга, татулық пен келісімге үйренді

Ертегіде өзара реніштің пайда болу себебі мен оны шешу жолы көрсетілді.

Бұл арқылы бала сабырлылықты, өз кателігін мойындауды, кешірім сұрауды және достық карым-қатастың маңызын түсінді.

Бұл ертегіде достық, кешірім, еңбексүйгіштік, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттер суреттелді. Ертегі Мақта қыз бер миңдең арасында болған кикілжінен басталып, сонында татуласумен аякталады. Балаларға қарапайым тұрмыстық жағдайлар арқылы жақсылық пен жамандықты, шыдамдылық пен мейірімділікті ажыратуға кенес берді.

Балалар бұл ертегіден не алды:

Кешірімді болу-бір-бірінің қатесін кешіруді үйренді.

Әдептілік пен сыйластықты-улкен-кішіге сырттай болу керектігін.

Шешім табу-киын жағдайда ойланып, дұрыс шешім қабылдауды.

Қорытынды: Ата-аналар осы айтылған мәтін бойынша өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті.